

Нуклеопротеидтер алмасуының бұзылуы

*Орындаған: Барказатов С
Қабылдаған: Ибажанова А*

Нуклеопротеидтер

Нәруыздан



Нуклеин
қышқылынан

ДНК ядро
хромосомасының
негізін құрайды.

РНҚ
эндоплазмалық
тордағы рибосома
түйіршіктерінің
және ядрошықтар
негізін құрайды.

- Нуклеин қышқылдары арнайы гистохимиялық реакциялар қою (ДНҚ-Фельген тәсілімен, РНҚ-Браше тәсілімен) арқылы анықталады. Нуклеопротеидтер организмнің өзінде түзіледі және организмге азық құрамында сырттан келеді. Нуклеин алмасуының ақырғы өнімі-несніп қышқылы және оның тұздары сыртқа негізінен бүйрек арқылы шығарылады

Нуклеопротеидтер алмасуының бұзылуы



Несеп қышқылдық диатез

*-(грек. diathesis бейім, бейім болу)
нуклеопротеидтердің алмасуының бұзылуы
салдарынан несеп қышқылы мен оның
тұздарының қанда көбейіп мүшелер мен
өрмелерде шөгуі. көбінесе құстарда, әсіресе
тауық тектестерде, сирегірек сүт
қоректілерде кездесетін дерт. Бұл дерт
күнделікті азық тым мол, оның құрамында
нәруыз көп болған жағдайда, мысалы, рационда
көк шөппен витаминдік азық жетіспей, құс
ұзақ уақыт жануар тектес азықпен, құнарлы
жеммен азықтандырылғанда байқалады.*

Несеп қышқылдық диатездің микроскопиялық көрінісі



Бүйректің зақымдануы да осы дертке әкеліп соғыуы мүмкін. Микроскоппен зерттегенде несеп қышқылы кристалл түрінде, ал оның тұздары аморфты зат түрінде көрінеді. Бұл заттар шөккен жерде өрме ыдырап өледі де, қабыну процесі басталады, осыған байланысты сол араға гистиоциттер, лейкоциттер және алып торшалар жиналады. Зақымданған жердің айналасында дәнекер өрме торшалары көбейеді, талшықты дәнекер өрме пайда болады.

Несеп қышқылдық диатездің мүшелердегі көрінісі



Несепқышқылдық диатез

```
graph TD; A[Несепқышқылдық диатез] --> B[Ішкі мүшелер диатезі]; A --> C[Аралас диатез]; A --> D[Буын диатезі];
```

*Ішкі
мүшелер
диатезі*

*Аралас
диатез*

*Буын
диатезі*

Висцералдық несеп қышқылдық диатез

*- тек құста кездеседі. Құстың көкірек құрсақ
қуысының ылғалды қабығы, ауалы қапшықтары,
бүйрек, бауыр, талақ, ішек, жүрек, өкпе, т.б. мүшелер
зақымданады. Сырттай қарағанда олардың үстін
борға ұқсаған ақшыл масса немесе ұсақ кристалл
ұнтағы басқан. Осы шөгіндінің астындағы ылғалды
қабық қабынып ісінген. Бүйректе, бауырда, ұйқы безі,
жүрек еті, қаңқа еттерінде, эндокардта, жуан арналы
қан тамырларының интимасында, тері астында және
безді қарында несеп қышқылы мен оның тұздары -
ураттар ақшыл нүкте, дақ және жолақ, бір біріне
жабысқан түйін сияқты болып көрінуі мүмкін.
Зақымданған мүшенің, әсіресе бүйректің көлемі біраз
ұлғаяды.*

Подагра



www.cherepahi.ru © Miladyad



*Буын
диатезі
немесе
подагра*

(грек.podos- аяқ, agros-қатты) кезінде несеп қышқылы және уаттар буын қабығына, сіңір қынабына, олардың айналасындағы өрмеге шөгеді.

Көбінесе құстың секек буындары зақымданады. Олар қатайып, табиғи пішінін жояды, жуандайды. Буын тұсында бор сияқты өте нығыз құрғақ затқа немес қаймақ тәріздес қойыртпаққа толған түйіндер, буын шеміршегінде некроз ошақтары, ойылымдар пайда болады. Олардың айналасы қабынып, мұнда алып торшалар жиналады, талшықты дәнекер өрме өседі.




Подагранның таралу жолдары



*Бүйректің
несеп
қышқылдық
инфарктісі*

(Латын. Infarsige-толтыру), әдетте жаңа туған төлде кездесетін,оның бүйрегін зақымдайтын дерт. Несеп түтікшелері ішіне,эпителийіне,мүше стромасына несеп қышқылының тұздары шөгеді. Тіліп қарағанда бүйректің үстіңгі қабатында тарам тарам болып орналасқан ақшыл сары, қызғылт сары тұз түйіршіктерін,жсолақтарын көруге болады.



Бұл дерт жаңа туған төл денесінде зат алмасуының күшеюіне байланысты туатын, жаңа тіршілік жағдайына бейімделу реакциясы. Төлдің демалуына, қоректенуіне және оның денесінде зат алмасуының қайта құрылуына байланысты қандағы ядролы эритроциттер жаппай ыдырайды, мұның салдарынан қанда несеп қышқылының мөлшері көбейіп кетеді. төл денесіндегі су мөлшерінің азаюы да процесстің өрбуіне қолайлы жағдай.





Несеп қышқылы диатезі салдарынан төл мүшелерінің (бүйрек, бауыр, т.б.) қызметі нашарлайды.

Подаграға шалдыққанда буынның пішіні өзгеріп, бүгіліп жазылуы қиындайды.

Гиперурекемия және гиперазотемия салдарынан кенеттен өліп кетуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

Ө.Ығылманұлы “Ветеринариялық патологиялық анатомия”. Алматы 2010
Ж.Б.Ахметов “Патологиялық анатомия. Алматы 1990. (I-бөлім, II-бөлім)